

## **Әйтей ауылдық округінің Әйтей, Құмарал, Үштерек, Сауыншы ауылдарындағы жаңа көшелеріне атау беру туралы**

Алматы облысы Қарасай ауданы Әйтей ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 5 желтоқсандағы № 12-71 шешімі. Алматы облысы Әділет департаментінде 2018 жылы 28 желтоқсанда № 4983 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Әйтей ауылдық округі халқының пікірін ескере отырып және 2018 жылғы 26 қыркүйектегі Алматы облыстық ономастикалық комиссиясының қорытындысы негізінде, Қарасай ауданы Әйтей ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әйтей ауылдық округінің Әйтей, Құмарал, Үштерек, Сауыншы ауылдарының жаңа көшелеріне келесі атаулар берілсін:

1) Әйтей ауылының солтүстік-шығысында орналасқан бірінші көшеге "Айғайтас", екінші көшеге "Екі Нар", үшінші көшеге "Кіші Нар", төртінші көшеге "Шөладыр", бесінші көшеге "Бесқарағай", алтыншы көшеге "Емеген", жетінші көшеге "Құрөзек", сегізінші көшеге "Төрткүл". Әйтей ауылының солтүстігінде орналасқан бірінші көшеге "Қасымбек сайы", екінші көшеге "Көлсай", үшінші көшеге "Көксу", төртінші көшеге "Баянжүрек", бесінші көшеге "Қабылтау", алтыншы көшеге "Қарашоқы", жетінші көшеге "Ақсеңгір", сегізінші көшеге "Қарқара", тоғызыншы көшеге "Құланбасы".

2) Құмарал ауылының шығысында орналасқан бірінші көшеге "Арасан", екінші көшеге "Қурайлы", үшінші көшеге "Ақшоқы", төртінші көшеге "Сарытау", бесінші көшеге "Кеңсу", алтыншы көшеге "Алажиде", жетінші көшеге "Белқұрақ", сегізінші көшеге "Көксуат", тоғызыншы көшеге "Қазақсай".

3) Үштерек ауылының оңтүстік-шығысында орналасқан бірінші көшеге "Шұбарат", екінші көшеге "Қайыңды", үшінші көшеге "Көктөбе", төртінші көшеге "Сөре төбе", бесінші көшеге "Ойық тас", алтыншы көшеге "Таңбалы тас", жетінші көшеге "Алтынемел", сегізінші көшеге "Шарын", тоғызыншы көшеге "Қастек", оныншы көшеге "Қараой", он бірінші көшеге "Айдатау", он екінші көшеге "Мұзтау", он үшінші көшеге "Бесбақан", он төртінші көшеге "Белқайың", он бесінші көшеге "Марқатау", он алтыншы көшеге "Шилі өзек", он жетінші көшеге "Көк жота".

4) Сауыншы ауылының оңтүстік-батысында орналасқан бірінші көшеге "Сәукеле", екінші көшеге "Мойнақтас", үшінші көшеге "Аққабак", төртінші көшеге "Ақтоған", бесінші көшеге "Көкжар", алтыншы көшеге "Түрген", жетінші көшеге "Кетпен", сегізінші көшеге "Жиделі", тоғызыншы көшеге "Көктерек", оныншы көшеге "Шетендісай", он бірінші көшеге "Көккезең", он екінші көшеге "Жуантөбе".

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Әйтей ауылдық округінің әкімі*

*Қ. Кикимов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК